

Оқушылардың республикалық олимпиадасы

II тур
11 - сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25 ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі.

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барында толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай - сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	Шып-шып етіп молданың Қолындағы тобылғы, Қозғалтпайды жон жағым, Талай дүре соғылды. Үзінді қай ақынның өлеңінен алынған? Бұл жерде қандай мәселе туралы айтылған?
2.	Қазақ әдебиеті	а) Айшықтау және оның түрлері ә) Символ
3.	Қазақ тілі	Сұрақтарға жауап беріңіз: 1. Шешендік сөздің көріктеуіш құралдары 2. Шешендік сөздің сазы 3. Пікіргалас қатысушысына қойылатын талаптар. 4. А.Байтұрсынұлы лебізді қанша түрге бөліп көрсеткен? 5. Дедукция, индукция, аналогия, дәлелдеме терминдеріне анықтама беріңіз. 6. Шешендік сөздегі риторикалық канондар. 7. Нақты сөзге дайындық кезеңдері. 8. Анықтауыш пен айқындауыштың айырмашылығы. 9. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері. 10. Жай сөйлемнің түрлері.

		* Әрбір дұрыс жауап үшін 1 ұпай беріледі.
4.	Қазақ тілі	<p>Сөйлемдегі қарамен жазылған сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз.</p> <p><i>Заң бойынша жүрейдік деп келгенбіз. Әкімдік арқылы естідік. Әдейілеп келгеннен соң, кезекке тұрғалы ішке өттік. Алдымызға қағаз-қалам әкелінді. Байқасақ, үдетіп келе жатыр. Қаламды тастай салдық. Бұл жігітті бұрыннан білетінбіз. Бастығыңа айтайын мен сені деп, зорға қайтардым. Оған да көнетін емес. Күш көрсеткісі келеді, әуелі. Мақтанишақ қызметкерден алыс кетпек болдым. Досым көреген еді. Ашуланбай демін ішіне тартып отырды.</i></p>
5.	Тіл мәдениеті	<p>8-10 ұпай</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пайымдаңыз / дәлелдеңіз. 2. Суреттеңіз / сипаттаңыз. 3. Жарнамалаңыз / мақтаңыз. 4. Болжаңыз / армандаңыз. <p>6-8 ұпай</p> <ol style="list-style-type: none"> 5. Саяси тақырыпта сөйлеңіз. 6. Баяндаңыз / әңгімелеңіз. 7. Терістеңіз / жамандаңыз. <p>4-6 ұпай</p> <ol style="list-style-type: none"> 8. Тілек айтыңыз / Бата беріңіз. 9. Өлең оқыңыз. 10. Көркемсөз оқыңыз.

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут